

Өзенбаева А.Т.  
**Ауылшаруашылық өнімін  
өндіруді ұйымдастырудың  
құқықтық аспектілері**

Мақалада ауылшаруашылық өнімін өндіруді ұйымдастырудың құқықтық аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар жұмыста ауылшаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің негізі анықтап, ауылшаруашылық кәсіпкерлік аясында пайда болған құқықтық қатынастардың дәрежесі мен түріне байланысты объектілерін нақтылап, ауылшаруашылық өнімін өндірудідегі құқықтық жағдайын талдаған.

**Түйін сөздер:** ауылшаруашылық өнімін өндіру, ауылшаруашылық кәсіпкерлігі, ауылшаруашылық кооперациясы, шаруа (фермер) қожалығы.

---

Ozenbayeva A.T.  
**Legal aspects of the organization  
of agricultural production**

This article discusses the legal aspects of the organization of agricultural production. In addition, provides the legal framework for the regulation of business activity in the field of agriculture, also addresses the issues of business objects in the field of agriculture and their types, the legal status of agricultural production.

**Key words:** agricultural production, agricultural business, agricultural cooperatives, peasant (farmer) economy.

---

Өзенбаева А.Т.  
**Правовые аспекты  
организации  
сельскохозяйственного  
производства**

В данной статье рассматриваются правовые аспекты организации сельскохозяйственного производства. Кроме того, определена правовая основа для регулирования предпринимательской деятельности в области сельского хозяйства, также затрагиваются вопросы объектов предпринимательской деятельности в области сельского хозяйства и их виды, правовой статуса производства сельскохозяйственной продукции.

**Ключевые слова:** сельскохозяйственное производство, сельскохозяйственный предприниматель, сельскохозяйственная кооперация, крестьянские (фермерские) хозяйства.

**АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ  
ӨНІМІН ӨНДІРУДІ  
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ  
АСПЕКТІЛЕРІ**

Ауылшаруашылығы кәсіпкерлері өнім өндіруді ұйымдастырып дамытады. Ауылшаруашылық кәсіпкерлігі – Қазақстан экономикасындағы маңызды саласы. Оны дамыту деңгейі Қазақстан қоғамының экономикалық, әлеуметтік, саяси, құқықтық тұрақтылығын анықтайтын фактор болып саналады. Ол жалпыға бірдей міндетті қызмет. Ауылшаруашылық кәсіпкері өнімді ұқсатушы да, ал ондағы шаруа өнімді өсіруші деп түсінгеніміз жөн.

ҚР Конституциясының 26-бабына сәйкес «Кез келген адам кәсіпкерлік ісімен айналысу еркіндігіне құқылы. Өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызметте пайдалану еркіндігіне ие. Монополиялық қызмет заңмен реттеліп, шектеліп отырады. Әділетсіз бәсекелестікке тыйым салынады» [1].

ҚР Азаматтық кодексінің 10-бабына сәйкес, кәсіпкерлік – меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған, жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [2].

Кәсіпкер азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда табуға немесе өзіндік табыс алуға бағытталған бастамшылық дербес қызметі. Ауылшаруашылық кәсіпкерлігін азаматтар өз атынан, өздерінің мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен немесе заңи тұлғаның (кәсіпорынның) атынан және соның жауапкершілігі кепілдігімен жүзеге асырады.

Еліміздің аграрлық кәсіпкерліктің қалыптасу үдерісі жалпы халықтық құқықтың дамуымен байланысты, кейінірек оның мемлекеттік реттеуді күшейтетін, сонымен қатар нормативтік актілерде алғашқы шаруа (фермер) қожалықтары пайда бола бастаған, азаматтық құқықтардың да кезеңдерін қамтиды.

Кәсіпкерліктің әрі қарай дамуы, өзара түсінісуге әкеліп соқтыратын, жеке мүддеге мемлекеттік бастаманың әсерінің жалпы үдеме кезеңін қамтиды. Мемлекеттің басқаруындағы экономика аралас сипатта болды, себебі жеке және қоғамдық ой ұштасып, синтезде бастайды.

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 380 қаулысына сәйкес, осы Тұжырымдама кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу пайымын, оның негізгі тәсілдерін айқындайды және осы бағытта 2020 жылға дейін одан әрі дамуды қамтамасыз етуге қарастырылған [3].

Осы Тұжырымдамада халықаралық тәжірибе негізінде заңдардың қолданыстағы және жаңадан енгізілетін нормаларының, экономиканы реттеу құралдарының реттеушілік ықпалын жария талдаудың, осыған сәйкес, аталған құқықтық нормаларды қабылдау саласында әрекет ететін жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің нормативтік құқықтық актілерді келісуін енгізудің орталықтандырылған жүйесін тұрақты түрде құру болжанады. Бұл ретте тұтынушыларға шығын келтірген бұзушылықтар үшін кәсіпкерлердің жауапкершілігін бір мезгілде арттыра отырып, кәсіпкерлік қызметті реттеудің жеке-леген мемлекеттік функцияларын бизнес ортаға беру мүмкіндігі көзделеді. Сондай-ақ Тұжырымдаманы іске асыру тәуекелдерді басқару жүйелерін одан әрі жетілдіруді, мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынасының жеке кәсіпорындардың өндіріс процесі мен ішкі қызметіне араласпауды және мемлекеттік бақылаудың түпкі өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне ғана бағыттылығын белгілейтін жаңа қағидаттарын енгізуді; тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдық ұйымдарын институционалдық күшейтуді, оларға қойылатын талаптарды арттыруды, қызметтің ашық тетіктерін әзірлеуді, тұтынушылардың тұтынатын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі туралы хабардар етілуін жоғарылату мәселелерін пысықтауды болжайды.

Қазіргі кезеңдегі кәсіпкерлік қызметтің құқықтық анықтамасы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 10-бабында берілген. Яғни Азаматтық кодексінің 10-бабының 1-тармағына сәйкес «кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады» делінген [2].

Осыған орай, біріншіден, бастамалы, дербес, барша қоғамға тиімді қызмет, екіншіден, өз қауіпімен және тәуекелділігімен жүзеге асырылатын қызмет және оның ең маңыздысы – бұл мүлікті пайдаланудан, тауарды сатудан, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден жүйелі табыс табуға бағытталған қызмет.

Ауылшаруашылық кәсіпкерлік – ауылшаруашылық сала бойынша өнім өндіру мен ұқ-

сатуда бастамашыл, әрекет етуші заңнамалар шегінде жүзеге асыратын, өзінің оқшауланған мүлкіне негізделген және барлық қатысушыларына өзара тиімді нәтижелер мен табыс алуға бағытталған шаруашылық немесе өзге де қызмет түрі. Сондықтан ауылшаруашылық кәсіпкерлігін ҚР АҚ-нің 10-бабында көрсетілген кәсіпкерлік ұғымының бір тармағы ретінде көрсеткеніміз дұрыс болар. Себебі аталған бапта көрсетілген анықтамадағы белгілердің бәрі де ауылшаруашылық кәсіпкерлігіне тән деп есептеуіміз қажет, тек өзгешелік – ауылшаруашылығы кәсіпкерлігінің жер ресурстарымен тығыз байланыста және оның өнімдерінің табиғат құбылыстарына тәуелді болуы.

Ал ауылшаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу дегеніміз ауылшаруашылық қарым-қатынастарды реттейтін және ауылшаруашылық өндірісінің тұтымдылығын тұрақты дамуды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдармен ауылшаруашылық кәсіпкерлігінің субъектілерінің қызметін құқық нормаларымен реттеу және оларды жүзеге асыру қызметі.

Көп салалы ауылшаруашылық кәсіпкерлігі табиғи-климаттық өндірістік, экономикалық, тарихи және басқа да жағдайлардың көптігін ескере отырып, объективті қажеттілікпен анықталады. Ең алдымен, сапалығы мен өнімділігі арасында елеулі ерекшеліктері бар. Ауылшаруашылық өндірістің ерекшеліктеріне олардың үлкен алаңды алып, маусымдық сипатта болып, ауа райына бағыныштылығы жатады. О с ы ғ а н байланысты материалды-техникалық және еңбек ресурстарын бір қалыпта пайдалана алмауы және табыс алуда ауылшаруашылық тауарларды тұрақты өндіру мүмкіндігінің жоқтығы. Жоғарыда көрсетілген және басқа ерекшеліктер ауылшаруашылығында нақты табиғи-өндірістік және экономикалық жағдайларға белгілі бір территорияда қалыптасқан тарихи дәстүрлерге байланысты меншік түрлерін және шаруашылық ету нысандарының көптігін қажет етеді [4, 56].

Ауылшаруашылық кәсіпкерлік бұл шаруашылық сала бойынша өнім өндіру мен ұқсатуға бастамашыл, әрекет етуші заңнамалар шегінде жүзеге асыратын, өзінің оқшауланған мүлкіне негізделген және барлық қатысушыларына өзара тиімді нәтижелер мен табыс алуға бағытталған шаруашылық немесе өзге де қызмет түрі болып табылады. Ауылшаруашылық қызметін – кәсіпкерлік қызметтің бір түрі негізгі ерекшелігі ауылшаруашылық өндірісінің негізгі құралы ретінде жер пайдалану процесіне өтпейтіндігінде болып отыр. Ауылшаруашылық объектісі – егеменді

еліміздің нарықтық экономикадан тұрақты дамуға көшуіне атсалысатын, сондай-ақ тұрақтандыру мен жетілдіру жағдайындағы ауылшаруашылық кәсіпкерлік қызметі мен ауылшаруашылық тауар өндірісі саласындағы пайда болған қоғамдық қатынастардан құралады.

М.В. Романкованың пікірінше, бүгінгі таңда өзіндік жеке кәсіпкерліктің қарапайым нысаны жеке кәсіпорын болып табылады (заңды тұлға емес). Бұл нысан заңда бекітілмегенімен оны азаматтық заңдардың жалпы ережелері мен азаматтар кәсіпкерлігінің тәжірибесімен көруге де болады. Жеке кәсіпорынды заңды тұлға ретінде тануға заңталпыныстар тәжірибеді сәтсіз аяқталды. Себебі, кәсіпкерліктің бұл нысанының құқықтық табиғаты мен мәнін анықтауда көптеген қарама-қайшылықтар әлі күнге дейін байқалды [5, 93].

Ауылшаруашылық кәсіпкерлік аясында пайда болған құқықтық қатынастардың дәрежесі мен түріне байланысты объектілер мынандай болады:

материалдық игіліктер (жер, табиғи ресурстар, мүлік, бағалы қағаздар);

субъектінің әрекеті, тәртібі, әртүрлі қызметтер оның нәтижелері;

рухани шығармашылық өнімдері;

бағалы қағаздар, ресми құжаттар [6, 78].

Е.Ш. Дүсіпов пайымдауынша, ауылшаруашылық кәсіпкерлердің объектісі заң актілері негізінде пайдалану және қорғауға ауылшаруашылық кәсіпкерлігі аясында құқықтық қатынастардың қатысушыларының субъективтік құқықтары мен заңды міндеттерді бағытталған нақты игіліктерді жатқызамыз. Ауылшаруашылық объектісі ауылшаруашылығы салалары өндірісінің негізгі мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, азық-түлік, астық шаруашылығы, селекция жетістіктерін жатқызуға болады [7, 62-63].

Л.Қ. Еркінбаеваның пікірінше, «ауылшаруашылық қызмет» мен «ауылшаруашылық өндіруші» түсініктерінің мәнін бөліп қарастырған. Ауылшаруашылық қызмет ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуде жерді пайдаланумен байланысты қызметті түсінуге болады. Аграрлық өндіріс ауылшаруашылық өнім өндірушілердің қызметінің түрі, ауылшаруашылығы мақсатына арналған жерлермен тығыз байланысты ауылшаруашылығындағы мал, құс, ара, өсімдік шаруашылық өнімдерін өдіруде азық-түлік қауіпсіздік қамтамасыз ету мақсатында, осыдан келген шығыс жылдық кірістің жалпы соммасы елу пайызын құрайды [8, 21-22].

Ауылшаруашылық кәсіпкерлерінің субъектісі ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, тарату, барысындағы өндірістік материалдық техникалық және әлеуметтік, экономикалық қамтамасыз ету саласындағы құқықтар мен міндеттерге ие жеке және заңды тұлға.

Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңның 9-бабына сәйкес, шаруа (фермер) қожалықтарының деп жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру ауылшаруашылық өнімін өндірумен байланысты, сонымен қайта өңдеп, өнім өтімін қамтамасыз етумен пайдалантын шаруашылықтарды айтамыз [9].

Шаруа (фермер) қожалығы туралы заңның 1-бабына сәйкес, адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауылшаруашылығына арналған жерлерді ауылшаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты отбасылық-еңбек бірлестігі шаруа (фермер) қожалығы деп танылады. Заңды тұлға құрмай және заңды тұлға белгілері болмаған жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар шаруа (фермер) қожалығы субъектілері болып табылады. Шаруа (фермер) қожалығының мүшелері ортақ шаруашылықты бірлесіп жүргізетін жұбайлар, балалар, асырап алынған балалар (қыздар), ата-аналар және басқа да жақын туыстар болып табылады [10].

А.К. Джангабулова пікірінше, ауылшаруашылық кооперациясы ұғымы ауқымды ұғым. Ауылшаруашылық кооперациясы ауылшаруашылығы саласындағы барлық кооперациясының жүйесі. Қазіргі күнде ауылшаруашылығында кооперативтер екі бағытта әрекет етуде; коммерциялық заңды тұлға нысанындағы ауылшаруашылық өндірістік кооперативі және коммерциялық емес заңды тұлға нысанындағы тұтыну кооперативі ауылшаруашылық өндірістік кооперативі. Ауылшаруашылық саласындағы мүліктік жарналарын және жер пайларын біріктіру арқылы мүшелік негізде ерікті түрде біріккен ауылшаруашылық тауар өндірушілердің дербес ұйымы. Селолық тұтыну кооперативтері мүшелерінің (пайшыларының) материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бағытталған мүмкіндік негізде, олардың мүліктік жарналарын және жер пайын біріктіруіне ерікті біріксіз болып табылады [11, 120-121].

И.В. Амирханованың ойынша, «аграрлық кәсіпкерлікті құқықтық қамтамасыз ету аграрлық қызметті арқаруда, өндірудің негізгі құралы ретінде жердің режимін анықтауда байланысты жеке тұлға мен заңды тұлғаның айтарлықтай айырмашылығы бар [12, 76].

Кәсіпкерлік қызметтің түрлерін анықтауда әр алуан критерийлері бар: кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыруына байланысты меншік нысанының бойынша; кәсіпкерлік субъектілерін және оның ұжымдық құқықтық нысан анықтау бойынша болып критерийлер қарастырылады [12, 77].

Кәсіпкерліктің меншік нысаны қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке және мемлекеттік кәсіпкерлік деп бөлініп, ал кәсіпкерліктің заңи нысаны кәсіпкерлік қызметті айналысатын субъектілері бойынша жеке және заңды тұлға деп бөлінеді» [12, 78].

АҚШ-та фермерлікпен айналысу негізгі орында тұр. Мысалы, АҚШ-та ауылшаруашылық өнімінің 69 мыңын ірі фермерлер өндірді, ал кіші фермерлер 1,5%-ын өндіреді [13].

Фермер жерді иелену және жалға ала отырып онда ауылшаруашылығымен айналысатын шаруа фермер кәсіпкер.

АҚШ-та XX ғасырдың басынан бастап фермерлердің кооперативі жұмыс істей бастады. 1926 жылы кооператив туралы заңы қабылданып фермерлік кооперативтерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп және кеңес берді. Америкалық өткізу кооперативі фермерлік өнімдерді бастапқы кездегі өткізумен, дайындаумен және тасымалдаумен айналысады. Олар ауылшаруашылық шикі затты өткізуге жібереді, көбіне фермерлермен келісіп тауарларды көп көлемде сатып алады, көбіне кооперативтер азықтарды жекелеп өткізуді көздейі. АҚШ фермерлері өткізу кооперативтері ғана емес, олар өнімдер мен қызметтерді жабдықтаумен айналысады. Оның ішіне дәндер, химикаттар, ветеринарлық заттар, жемдер, жем дайындайтын құрылғылар, құралдар мен техникаларды жөндеу, бөлшектерді жеткізу жатады [14].

К.Р. Келлейдің ойынша, АҚШ кооперативтерінің мақсаты – жөндеу мен өндіру көлемінің ұлғайуына байланысты ұйымға қатысушылардың кірісінің өсуі, кооперативті қызмет түрлерінің керектісін дамыту, керекті қызмет түрлерін қамтамасыз ету [15, 88].

Егін және мал шаруашылығын дамыту мен одан алынатын өнімдерді өңдеу мәселесіне жан-жақты назар аударылған. Сондай-ақ «Ауыл» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде саланы әртараптандыруға қатысты ауқымды шаралар қолға алынып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ел мұқтажы қанағаттандырылмай отырған маңызды тамақ өнімдерін өндіру өз жүйесін тауып отыр.

Жаңа аграрлық саясат мазмұны – мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз

ету, яғни өзіміз өндіретін тамақ өнімдерінің он түрін (нан, ет, балық, сүт, жұмыртқа, май, жемістер, көкөністер, картоп, қант және кондитерлік өнімдер) пайдалану деңгейін 80-100 пайызға жеткізу. Бұл ДСҰ талабына да сәйкес келеді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету халықтың тамақ өнімдерін тұтыну деңгейімен бағалануы тиіс. Ең бастысы, үйлесімді мемлекеттік реттеу қажет.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету халықтың тамақ өнімдерінің он түрінің тұтыну деңгейімен бағаланады. Оған нан және жарма өнімдері, ет және ет өнімдері, балық және теңіз өнімдері, сүт және сүт өнімдері, жұмыртқа, май және мал майы, жемістер, көкөністер, картоп, қант және кондитерлік өнімдер жатады. Олар адамның физиологиялық тамақтану қажеттілігі ескеріле отырып, әр адамның тағам түрлерін жылына орта есеппен килограмм мөлшерінде пайдалануымен анықталады. Ол үшін өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту болып отыр.

Агроөнеркәсіптік кешенін индустрияландыру мақсатында мемлекеттің іс-қимылы еліміздің алдында өткір күйінде тұрған екі негізгі міндетті шешуге бағдарланып отыр. Оның біріншісі – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл міндетті жүзеге асыру шеңберінде агроөнеркәсіптік сектордың дамуына қолдау көрсететін тиімді жұмыс істейтін жүйе құрылды. Бұл бір жағынан осы сектордың ағымдағы жұмысын, оның ішінде көктемгі егісті және жиын-терінді қаржыландыруды, екінші жағынан, ауылшаруашылығын және қайта өңдейтін өндірісті дамытуға инвестиция шоғырландыруды қамтамасыз етеді. Сондықтан егін шаруашылығында саланы әртараптандыруға, ылғалды ресурстарды сақтайтын технологияларды қолдана отырып саланы кеңінен химияландыруға екпін салынууда. Бұл ретте субсидиялаудың идеологиясы өзгертілді, бұл идеология ауылшаруашылық тауарын өндірушілерді жаңа технологияға көшуге ынталандыруға бағытталған. Майлы және жеміс-көкөніс дақылдары өндірісінің көлемін ұлғайтуға ерекше назар аударылуда. Мұндағы мақсат – осы өнім түрлері бойынша импорт көлемін азайту [17, 11].

Ал мал шаруашылығында орта және ірі тауарлы фермаларды құру арқылы өндірісті ірілендіру, кең ауқымды селекциялық бағдарламаны іске асыру есебінен ауылшаруашылығындағы малдың барлық түрінің генетикалық әлеуетін арттыру басты басымдық болып табылады. Мал шаруашылығын үдету процесін ынталандыру

мақсатында құрама жемнің құнын субсидиялау бағдарламасы да жалғастырылып жатыр.

Ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында саланы техникалық және технологиялық тұрғыдан жаңарту, өндіріске сапаның халықаралық стандарттарын енгізу және соның негізінде ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын сақтап әрі нығайтып қоймай, сонымен бірге отандық тауарларды сыртқы нарыққа шығару басты бағдар ретінде қалып отыр.

Екінші міндет – экспортқа бағдарланған өндірісті дамыту және экспортты әртараптандыру. Бұл міндетті шешу аясында басты назар инвестициялық жобаларды іске асыруға жұмылдырылған. Бұл бағытта мал бордақылайтын инфрақұрылымы дамыған алаңдардың, мал соятын орындардың құрылысын салуға, биязы жүнді қой шаруашылығын дамытуға, сояны және жүгеріні өндіру мен қайта өңдеуге, астықты терең өңдеуге, балық шаруашылығын дамытуға, балық және жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдейтін саланы өркендетуге айрықша көңіл бөлінетін болады.

Сонымен қатар ауылшаруашылығы өндірісінің елдің сұранысын әлі де қанағаттандырмай отырған салалары қаржыландырылуда. Бұл – жылыжай шаруашылығы желілерін ұйымдастыру, көкөніс сақтау қоймаларын салу және қайта құру, тамшылап суару технологиясын қолдана отырып жеміс-көкөніс өнімдерін өндіруді ұйымдастыру, ірі тауарлы-сүт фермаларын салу, ет өндіруге бағытталған құс фабрикаларының құрылысын салу және қолданыстағыларын қайта жаңарту. Осы және басқа да инвестициялық жобаларды ұйымдастыруға және іске асыруға.

Шикізат базасының сапасын көтеру жөніндегі шаралар үш бағытта іске асырылуда. Біріншісі

– «ҚазАгро» холдингі арқылы іске асырылатын инвестициялық жобалар есебінен қазіргі заманғы технологияларға негізделген жаңа өндірістік қуаттағы сүт кешендерін және мал бордақылайтын алаңдарды салу. Екіншісі – бұл қолданыстағы шаруашылықтардың қуатын қарқындету, сол сияқты ұсақ тауар өндірушілерді кооперациялау есебінен өндірісті үдету. Үшіншісі – бұл малдың генетикалық әлеуетін дамыту [18].

Қорыта келгенде, импорттың осы түрлерін отандық нарықтан ығыстыру және елдің ішкі жеттіліктерін толық қанағаттандыру мақсатында майлы дақылдарды өндіру және қайта өңдеуді дамыту; ашық және жабық топырақты жерде жеміс-көкөніс шаруашылығын дамыту; алманың апорт сортын қайта дамыту; қант қызылшасынан қант өндіру және оны дамыту; түйе сүтінен, жемістен, көкөністен балалар тамағын өндіру; құс шаруашылығын дамыту; тауарлы балық шаруашылығын дамыту; ауылшаруашылығы машинасын жасауды дамыту; сүт пен сүт өнімдерінің өндірісін дамыту; ет және ет өнімдерін дамыту жөнінде арнайы бағдарламалар әзірленіп жатыр.

Сонымен қатар экспорттың жалпы көлеміндегі және агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы қосылған құнындағы ауылшаруашылығы өнімінің үлесін ұлғайту және қосымша жұмыс орындарын көбейту мақсатында министрлік жеделдетілген индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламада шаралар қарастыратын болады. Мұндай шаралар еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын сақтауға, саланың экспорттық басымдылығын ұлғайтуға және ауыл халқының әл-ауқатын өсіруге мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 2015 ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (1994 ж. 27 желтоқсан) (Жалпы бөлім) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 2015 ж.
- 3 Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі №380 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 2015 ж.
- 4 Кемел М. Нарыққа өту кезеңіндегі Қазақстан ауылшаруашылық кәсіпорындарының қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 1998. – 140 б.
- 5 Романкова И.В. Проблемы правового регулирования предпринимательства граждан в РК: учебное пособие. – Алматы: Университет «Туран», 1997. – 208 с.
- 5 Абдильдина Л., Белгибаев К. Экономика сельского хозяйства. – Алматы, 1996. – 608 с.
- 6 Дүсіпов Е.Ш. Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық кәсіпкерлігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері: з.ғ.д., дәрежесі диссерт. – Алматы, 2009 – 243 б.
- 7 Еркінбаева Л.К. Аграрное правоотношения в Республике Казахстан: монография. – Талдықорған, 2011. – 450 с.

- 8 Қазақстан Республикасының Жеке кәсіпкерлігі туралы заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. 2015 ж.
- 9 Шаруа (фермер) қожалығы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 31 наурыздағы N214 Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 1998 ж. – N 2-3.
- 10 Джангабулова А.К. Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық кооперациясын құқықтық реттеу: з.ғ.к., ғыл. д-р ж. диссерт. – Алматы, 2009. – 130 б.
- 11 Амирханова И.В. Гражданско-правовое обеспечение интересов предпринимателей: дис. д-ра юрид. наук: 12.00.06. – Алматы, 2005. – 383 с.
- 12 Kristen Allen & Barbara J. Elliott, The Current Debate and Economic Rationale for U.S. Agricultural Policy, in U.S. agriculture in a global setting: an agenda for the future 9 (M. Ann Tutwiler ed., 1988).www.westlaw.com
- 13 Robert C. Rathbone, Managing Your Cooperative's Equity, in USDA ACS Information Report 56, at 8 (Oct. 1997) (discussing the use of per-unit capital retains).www.westlaw.com
- 14 Christopher R. Kelley «New generation» farmer cooperatives: the problem of the «just investing» farmer/ North Dakota Law Review. – 2001. – p. 185.
- 15 Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство РК. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 137 с.
- 16 Блеутаева К.Б. – «Ауылшаруашылық саласының даму ерекшелігінің кейбір мәселелері» // Банки Казахстана №5. – 2008. – С. 11.
- 17 Атамұрат Шәменов. Ауылшаруашылығы министрлігіне құрылымдық өзгерістер жасаудың реті келген сияқты. – Алаш айнасы. – 25 қаңтар 2011 ж.

### References

- 1 The Constitution of the Republic of Kazakhstan 30.08.1995 // «Adilet» Legal Information system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan. – 2015.
- 2 The Civil Code of the Republic of Kazakhstan (27.12.1994) (General Part) // Adilet «Legal Information system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan. – 2015.
- 3 Approval of the Concept of business regulation until 2020 Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 18, 2014 № 380 // «Adilet» Legal Information system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan. – 2015.
- 4 Camel M. Stnovleniya and development of agricultural enterprises Kazakhstan perehda rynog. – Almaty, 1998. – 140 p.
- 5 Romankova I.V. Problems of legal regulation of business people in Kazakhstan: a tutorial. Almaty University «Turan», 1997. – 208 s.
- 6 Abdildina L., K. Belgibaev Agricultural Economics. – Almaty, 1996. – 608 p.
- 7 Dыsipov E.Sh. Praovye problems securing agricultural businesses of Kazakhstan: soiskonie's dissertation Doctor of Law. – Almaty, 2009. – 243 p.
- 8 Yerkinbayeva LK Agrarian relations in the Republic of Kazakhstan: Monograph. – Taldykorgan, 2011. – 450 с.
- 9 Law of the Republic of Kazakhstan «On private entrepreneurship» // «Adilet» Legal Information system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan. – 2015.
- 10 On peasant farm or Law of the Republic of Kazakhstan dated March 31, 1998 N 21 // Bulletin of the Parliament of Kazakhstan 1998 g. – N 2-3.
- 11 Dzhangabulova A.K. Legal regulation of agricultural cooperation of the Republic of Kazakhstan: NDSC. Dissertations. Ph.D. – Almaty, 2009. – 130 with.
- 12 Amirkhanova I.V. Civil legal interests of entrepreneurs: dis. dr. jurid. sciences: 12.00.06. – Almaty, 2005. – 383 p.
- 13 Kristen Allen & Barbara J. Elliott, The Current Debate and Economic Rationale for US Agricultural Policy, in US agriculture in a global setting: an agenda for the future 9 (M. Ann Tutwiler ed., 1988). www.westlaw.com
- 14 Robert C. Rathbone, Managing Your Cooperative's Equity, in USDA ACS Information Report 56, at 8 (Oct. 1997) (discussing the use of per-unit capital retains). www.westlaw.com
- 15 Christopher R. Kelley «New generation» farmer cooperatives: the problem of the «just investing» farmer / North Dakota Law Review. – 2001. – P. 185.
- 16 Baideldinov D.L. Environmental legislation of Kazakhstan. – Almaty: Zheti Zhargy, 1995. – 137 p.
- 17 Bleutaeva K.B. Some issues of particular sectors of agriculture development // Banks Kazakhstan. – №5. – 2008. – S. 11.
- 18 Atamyrat Shamenov. It's time to change the structure of the agricultural ministry. – Alash Aina. – 25 yavnar 2011.